



UNIVERSITY OF CAMBRIDGE INTERNATIONAL EXAMINATIONS
International General Certificate of Secondary Education

CANDIDATE
NAME

CENTRE
NUMBER

--	--	--	--	--

CANDIDATE
NUMBER

--	--	--	--



KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE

0532/01

Paper 1 Reading and Writing

May/June 2012

2 hours

Candidates answer on the Question Paper.

No Additional Materials are required.

READ THESE INSTRUCTIONS FIRST

Write your Centre number, candidate number and name on all the work you hand in.

Write in dark blue or black pen.

Do not use staples, paper clips, highlighters, glue or correction fluid.

DO **NOT** WRITE IN ANY BARCODES.

Answer **all** questions.

At the end of the examination, fasten all your work securely together.

The number of marks is given in brackets [] at the end of each question or part question.

For Examiner's Use	
Section 1	
Section 2	
Total	

This document consists of **13** printed pages and **3** blank pages.



1-ші бөлім**1-ші тапсырма, 1–6-ға дейінгі сұрақтар**

Домбыра шеберлерінің байқауы туралы мақаланы оқып, келесі бетте берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Үкілі домбыра

«Үкілі домбыра» – домбыра шеберлерінің байқауы. Бұл байқау 1992-жылдан бері алтыншы рет өткізілді. Байқауға Қазақстанның әр-түрлі аймақтарынан және шетелдерден келген домбыра шеберлерімен қатар жас талапкерлер де қатыса алады.

«Үкілі домбыра» жарысының бас жүлдесі – «Алтын домбыра», домбыраның кішкентай мүсіні. 1–3-ші орын алған шеберлерге ақша, ал жас талапкерлерге ынталандыру сыйлықтары беріледі.

Шеберлер жарысқа қатысу үшін ұзақ дайындалады. Домбыраның сапасы ағашқа байланысты болғандықтан, шеберлер ең алдымен ағаш іздейді. Қазақстанда өсетін қарағай, жаңғақ, қайың, тобылғы қолданылады, сондай-ақ шеберлер сапалы домбыра жасау үшін шетелдерден де материалдар іздейді. Мысалы, әлемде музыкалық аспаптарды жасауда кеңінен қолданылып жүрген қызыл ағашты Италия, Канада немесе Африка елдерінен алдырады.

Жеңімпазды анықтау екі бөлімнен тұрады. Алдымен дыбыс сапасы анықталады. Ол үшін ең атақты кәсіби домбырашылар шақырылады. Олар домбырада күй ойнап, домбыраның дыбыс сапасын ұпай беру арқылы бағалайды. Асылбек Еңсепов сияқты белгілі күйшілер – бұл байқаудың жыл сайынғы қонақтары.

Одан кейін белгілі өнер шеберлерінен тұратын қазылар алқасы (жюри) домбыраның сыртқы сипатына, жасалу шеберлігіне баға береді. Көрермендер мен жанкүйерлердің телефон арқылы дауыс беру мүмкіндігі болады.

Бұл жарыстың мақсаты – домбыра жасау дәстүрін сақтау.

- 1 «Үкілі домбыра» байқауына домбыра шеберлерінен басқа кімдер қатыса алады?
..... [1]
- 2 «Үкілі домбыра» байқауының бас жүлдесі қалай аталады?
..... [1]
- 3 Жас талапкерлерге не беріледі?
..... [1]
- 4 Домбыра шеберлері шетелден қандай ағаш алдырады?
..... [1]
- 5 Домбыраның дыбыс сапасын кім бағалайды?
..... [1]
- 6 Бұл жарыстың мақсаты не?
..... [1]

[Барлығы: 6]

2-ші тапсырма, 7-ші сұрақ


Еріктілерді жұмысқа қабылдау туралы хабарландыруды оқыңыз. Мәтіндегі ақпаратты қолданып, келесі бетте берілген кестені толтырыңыз.

Хабарландыру

Алматы қалалық спорт орталығы жазғы азия ойындары кезінде ұйымдастырушыларға көмек көрсететін еріктілерді (волонтерлар) жұмысқа шақырады. Еріктілер ретінде университеттер мен колледж студенттері және 11-сынып оқушылары қабылданады. Еріктілер аудармашы, баспасөз және туристік фирмалардың көмекшілері ретінде жұмыс істей алады. Мектеп оқушылары тек қана туристік фирма көмекшілері ретінде ғана қабылданады. Мектеп оқушылары туу туралы куәлігінің көшірмесін және ата-аналарынан рұқсат қағазын әкелуі тиіс. Колледж студенттері студенттік билеттерін және ата-аналарынан рұқсат қағазын көрсетуі керек. Университет студенттері студенттік билеттерін көрсетсе, мамандығы бойынша қабылдануы мүмкін. Мектеп оқушылары мен колледж студенттері 3-айлық арнайы жаттығудан өтуі міндетті, ал университет студенттері 1-айлық жаттығудан өтеді.

Біздің телефонымыз: 72-72-62-23-90

Кестені толтырыңыз. 2 шаршы толтырылған.



[Барлығы: 7]

3-ші тапсырма, 8–11-ге дейінгі сұрақтар

Тас мүсіндер туралы баяндаманы оқып, келесі бетте берілген айдарлар бойынша мәтінде маңызды деректерді жазып алыңыз.

Тас мүсіндер құпиясы

Орта Азия, Оңтүстік Ресей және Сібір далаларындағы тас мүсіндер туралы ең алғаш айта бастаған саяхатшылар еді. Биіктігі 1,5–2 метр ер адам немесе әйел адамның мүсіндерінің түрлері ұқсас, бірақ киімі әр түрлі болып келеді. Қолдарында екі қолымен, немесе оң қолымен ұстаған тостағаны болады. Халық арасында бұл мүсіндердің әр-түрлі атаулары болған: балбалдар, кемпіртастар, тас мүсіндер, қызтастар деп те атайды.

Ғалымдар бұл мүсіндердің көбінің 6–12 ғасырларда жасалғанын анықтады. Бірақ бұл тарихи ескерткіштердің қай халықтың мұрасы екені ұзақ табылмады. Көптеген зерттеушілер тас мүсіндерді ежелгі скифтер, ғұндар, славяндар, монғолдар жасаған деген болжамдар айтты.

Мүсіндердің көне түркі тайпаларынан қалған тарихи мұра екені туралы ең алғашқы хабарды Вильгельм Рубрук деген еуропалық миссионер жеткізді. Ол 1253-жылы оңтүстік Ресей даласынан өтіп бара жатып, құман халықтарының (көне түркі халқы) жерлеу дәстүрін көргенін жазады. «Құмандар адам жерлегенде, оған ескерткіш қояды, бетін шығысқа қаратып, қолына тостаған ұстатады» – деп жазады Вильгельм Рубрук өзінің баяндамасында.

Екінші дәлел – 1889-жылы Орхон өзенінің бойында табылған тас тақталарда ойылып жазылған көне түркі жазбаларынан табылды. Бұл жазбаларда көне түркілер әскери басшыларды жерлегенде, олардың зиратының басына қанша жау өлтірсе, сонша тас мүсін қоятыны туралы жазылған.

Табылған деректер көптеген сұрақтарға жауап берді, бірақ мүсіндер қандай мақсатпен жасалды, не үшін қолданылды деген сұрақтарға жауап бермеді.

Қарағанды облысында табылған тас мүсіндерді зерттеген қазақ ғалымы Әлкей Марғұлан тас мүсіндер жерленген адамдардың өздері емес, жерлеуге келген адамдардың мүсіндері деген болжам айтқан. Қазақ ғалымы Шоқан Уалиханов «Қозы Көрпеш-Баяу Сұлу» дастаны туралы мақаласында бұл мүсіндер көбінесе молаларға жақын жерлерден табылғанын, және олар дастандардың кейіпкерлерін бейнелейтінін жазды.

Қалай дегенмен, тас мүсіндер көшпенді халықтардың мүсін өнеріндегі ең алғашқы адам денесін бейнелеу үлгісі болып табылады және жазба тарихы сақталмаған көне түркі мәдениеті мен тарихын зерттеуде пайдасы зор дерек көзі болып табылады.

Маңызды деректер:

8 Тас мүсіндердің сипаттамасы:

- [1]

9 Тас мүсіндер туралы көптеген сұрақтар туындады. Ғалымдар жауап іздеген 2 сұрақты жазыңыз:

- [1]

- [1]

10 Тас мүсіндерді көне түркілердің жасағаны туралы дәлелдер қандай жазба көздерінен табылды?

- [1]

- [1]

11 Екі қазақ ғалымдарының тас мүсіндер туралы болжамы:

- [1]

- [1]

[Барлығы: 7]

4-ші тапсырма, 12-ші сұрақ

Берілген мәтін – электрондық хаттар мен жай хаттар туралы жеке пікір. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді келесі бетте берілген бос орынға **өз сөзіңізбен** қорытындылап жазыңыз. Сіздің қорытындыңыз бір параграф, яғни 100–150 ден тұруы тиіс. Қорытындыңызда электрондық хаттардың басымдылықтары, жай хаттардың артықшылықтары және пікір иесінің қорытындысы туралы жазуды ұмытпаңыз. Есіңізде болсын, қорытындыны өз сөзіңізбен жазуыңыз керек.

Электрондық хаттар мен жай хаттар

Қазір көптеген адамдар үшін таңертең компьютерді қосып, электрондық поштаны тексеру – күнделікті пошта жәшігін тексеру сияқты өмірдің қажеттілігіне айналды. Әрине, жай поштамен салыстырғанда электрондық поштаның көптеген басымдылықтары бар.

Ең маңызды басымдылығы – жылдамдығы. Әлемнің кез-келген жеріне компьютердің түймелерін бірнеше рет басып, 1–2 минуттың ішінде хат жібере салуға болады. Екінші басымдылығы – арзандығы. Көптеген адамдардың жұмысында немесе мектебінде тегін интернет бар және күніне қанша хат жібергісі келсе, сонша хат жіберуге болады. Үшінші басымдылығы – электрондық хат жіберу өте ыңғайлы. Мысалы, бір хатты бірнеше адамға жіберуге болады және хаттың бірнеше көшірмесін жасау, хатқалтаға салу, мекен-жайын жазу, марка сатып алу қажет емес.

Бірақ, электрондық хаттардың осы аталған басымдылықтарына қарамастан, барлық хаттарды электрондық поштамен жіберу дұрыс емес. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, электрондық поштамен хат алмастыруда жеке ақпарат құпиялығы сақталмайды, сондықтан хатты аса жауапкершілікпен, абайлап жазу керек. Екіншіден, электрондық хаттардың жылдамдығы асығыс немесе қызбалықпен жазылған хаттардың тез жіберілуіне жол береді. Үшіншіден, электрондық хаттардың жай хаттар сияқты өзіндік ерекшелігі болмайды: жай хаттарды хатқалтадан алып, түрлі-түсті қағазын қолыңызға ұстап оқисыз. Ал электрондық хаттардың барлығы бірдей болып келеді. Сондай-ақ, ескі электрондық хаттарды қайта ашып оқу – жай хатты қораптың ішіндегі ескі фотолар мен хаттардың арасынан алып, қайта оқығандай ерекше көңіл-күй сыйламайды.

Меніңше, бұл қарым-қатынас жолдарының екеуінің де жақсы жақтарын пайдалана білу керек: электрондық хаттарды жылдам хабар жіберу немесе бірнеше адамдарға бір хат жіберу сияқты күнделікті жұмыста қолданып, жай хаттарды жеке қарым-қатынастық хаттар немесе ресми хаттар жіберуде қолдануға болады.

A series of horizontal dotted lines for writing, spanning the width of the page.

5-ші тапсырма, 13–21-ге дейінгі сұрақтар

Корольдық пингвиндер туралы мақаланы оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Корольдық пингвиндер және ауа райының жылуы

Корольдық пингвиндер – императорлық пингвиндерден кейін екінші орындағы үлкен пингвиндер болып саналады. Олардың биіктігі 90 см, ал салмағы 15–16 кг болады. Корольдық пингвиндер Антарктидаға жақын орналасқан аралдарда мекендейді.

Корольдық пингвиндердің балапандарын өсіру ұзақ және күрделі іс. Сондықтан корольдық пингвиндер 2 жылда бір балапан ғана өсіреді.

Корольдық пингвиндердің балапандары қараша айында дүниеге келеді. Оңтүстік жарты шарда бұл уақыт әлі жаз мезгілі болып саналады. Балапандары дүниеге келген соң, ересек пингвиндер 30–40 күндей оларды кезек-кезек күнделікті тамақтандырады. Наурыз айында балықтар судың тереңіне кеткенде, ересек пингвиндер балапандарын бірнеше айға жалғыз тастап, жүздеген шақырым Антарктидаға қарай жүзеді.

Ол жақта, Антарктида мұздарының жанында, пингвиндер кальмар сияқты теңіз тағамдарымен қоректеніп, күш жинайды. Ал пингвин балапандары жылыну үшін және жыртқыштардан қорғану үшін «балабақшаға» барады, яғни басқа балапандармен бірге күн көреді. Қазан айында, балапандарының дүниеге келгеніне бір жылдай болғанда, ересек пингвиндер оларды аяқтандыру үшін мекендеріне қайта оралады.

Францияның Мемлекеттік Зерттеу Орталығының ғалымдары корольдық пингвиндерді он жыл бойы зерттеген. Олар жүздеген пингвиндердің терісінің астына электрондық анықтағыш құралдарын орнатып қойған. Бұл құралдар зерттеушілердің әр пингвин туралы жеке ақпарат жинауына мүмкіндік берген: зерттеушілер ересек пингвиндердің қысқы сапарын, балапандарының күн көрісін күнделікті бақылап отырған.

Ауа райының пингвиндер өміріне әсерін тексеру үшін зерттеушілер пингвиндер туралы жинаған деректерін ауа райы туралы ақпаратпен салыстырған. Мұхит бетінің температурасы жыл сайын өзгеріп отырады. Зерттеулер мұхит суы жылы болған жылдары кальмар, балық және басқа су өнімдерінің өсу деңгейі төмендейтінін көрсеткен. Сондықтан, су жылы болғанда, қыстан аман шығатын ересек пингвиндердің саны едәуір азаяды.

Корольдық пингвиндер 30 жылға дейін өмір сүре алады. Өзірше олардың өсу деңгейі бір қалыпты. Бірақ, ауа райының жылуы суық пен мұзға тәуелді құстардың тағдырына қатты әсер етуі мүмкін.

13 Корольдық пингвиндер қайда мекендейді?

.....[1]

14 Корольдық пингвиндер неге 2 жылда бір балапан ғана өсіреді?

.....[1]

15 Ересек пингвиндер неге балапандарын ұзақ уақытқа тастап кетеді?

.....[1]

16 «Балабақша» балапандарға не қамтамасыз етеді?

•[1]

•[1]

17 Ересек пингвиндер өз мекеніне неге қайта оралады?

.....[1]

18 Зерттеушілер корольдық пингвиндерді қалай зерттеген?

.....[1]

19 Зерттеушілер пингвиндер және ауа райы туралы ақпараттарды не үшін салыстырған?

.....[1]

20 Балықтар мен кальмарлар саны қандай жағдайда азаяды?

.....[1]

21 Зерттеулердің нәтижесінде, корольдық пингвиндердің болашағы туралы қандай болжам жасалып отыр?

.....[1]

[Барлығы: 10]

6-шы тапсырма, 22-ші сұрақ

«Осыдан елу жыл бұрын адамдардың өмірі қазірге қарағанда жеңілдеу болды». Бұл пікірмен келісесіз бе, әлде келіспейсіз бе? Пікіріңізді нақты мысалдар беріп, дәлелдер және деректермен негіздеп, келесі беттегі бос орынға 150–200 сөзден тұратын шағын шығарма жазыңыз.

Бұл туралы адамдар әр түрлі пікірде. Келесі пікірлерді көмек ретінде қолдануға болады:

50 жыл бұрын қылмыс азырақ болатын.

50 жыл бұрын адамдарға саяхат жасау қазіргідей оңай болмаған.

50 жыл бұрын теледидар болған жоқ, бірақ кинолар қызық болатын.

50 жыл бұрын кейбір елдерде электр көзі болмаған.

A series of horizontal dotted lines for writing, spanning the width of the page.

